

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Бүгін жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті.

Күн тәртібінде мына мәселелер енгізіліп, қаралды:

1. 2021 жылға арналған Сарыағаш аудандық бюджетінің орындалуы туралы;

2. Қала, кент және ауылдық округтердің 2021 жылға арналған бюджеттерінің орындалуы туралы;

3. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданы бойынша 2021 жылғы Сарыағаш аудандық бюджетінің атқарылуы туралы;

4. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданының қала, кент, ауылдық округтерінің 2021 жылға арналған бюджеттерінің атқарылуы туралы;

5. Сарыағаш ауданының «2021-2025» жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламасының орындалуы туралы;

6. Сарыағаш аудандық кірістер басқармасының ауданның кірістер бөлігі бойынша атқарған жұмыстары туралы;

7. Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;

8. Сарыағаш ауданының жер қатынастар бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;

9. Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің және тілдерді оқыту және дамыту орталығының бір жылда атқарған жұмыстары туралы

10. Сарыағаш аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің бір жылда атқарған жұмыстары туралы;

11. Сарыағаш қаласы әкімінің, өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттердің орындалуы туралы;

12. Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сарыағаш аудандық №3 балалар және жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атқарған жұмыстары туралы;

13. Сарыағаш аудандық мәслихатының бақылауда тұрған шешімдері мен тұрақты комиссияларының қаулыларының орындалу барысы туралы;

14. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штаб құрамын және ережесін қайта бекіту туралы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашылар баяндама жасап, мәселелер толығымен талқыланды. Баяндамашыларға сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар берілді. Күн тәртібіндегі он бірінші және он екінші мәселелер мекеме басшыларының отырысқа келмеуіне байланысты келесі сессия талқылауына

қалдырылып, қалған мәселелер аудандық мәслихаттың кезекті сессиясына жіберілді.